

**АЗЫҚ-ТҮЛІК
ҚАУІПСІЗДІГІ
МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ
ОНЫҢ ДАМУЫ**

Азық-түлік қауіпсіздігі әрқашан жалпы қоғамның және нақты бір индивидтің негізгі міндеттерінің бірі, себебі мұның негізінде барлық адам әрекеті тіректенетін өзін сақтау жүйесі жатыр. Толық тамақтану және аштықтан қорғау 1948 жылғы Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясы, 1966 жылғы Халықаралық экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар пакті, 1989 жылғы Бала құқығы туралы Конвенциясында және басқа да халықаралық құқықтық актілерде бекітілген. Мысалы, 1948 жылғы Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясының 25-бабында былай деп жазылған: «Әр адамның тамақ, киім, медициналық күтім және қажетті әлеуметтік қызмет көрсетуді қоса, өзінің және өз отбасының денсаулығы мен ауқаттылығын қолдау үшін қажет тұрмыс деңгейіне құқығы бар...» [1].

Ғаламдық азық-түлік мәселесі – адамзаттың бұрынғы және маңызды ғаламдық мәселелерінің бірі. Оның ең ауыр салдары ретінде аштық, сонымен қатар тегіс қамти алатын әлеуметтік «ауру» әрқашан адамдардың өміріне әр уақытта түрлі зақымдаушы қиратушы күш ретінде әдеттен тыс әсер етеді. Сондықтан да қазіргі таңда бұл мәселе өте өзекті болып табылады және ғаламдық сипатқа ие. Алғаш рет оның маңыздылығын 1798 жылы Томас Мальтус өзінің «Халық саны заңы туралы тәжірибе» еңбегінде дәлелдеді. Т. Мальтус халық саны геометриялық прогрессияда артады, ал азық-түлік өндірісі – арифметикалық прогрессияда деп сендірді. Т. Мальтустың көзқарасы бойынша, дәл осы алшақтық көптеген қоғамдық бәленің – кедейшілік, аштық, індет, соғыстың себебі болып табылады [2].

Азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі ғаламдық ахуалы адамзат өміріне айтарлықтай қауіп төндіруде. Жер бетіндегі адамдардың саны өскен сайын, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі де шиеленісе түсуде. Сондықтан да азық-түлік дағдарысы және оның алдын алу – әлем жұртшылығын алаңдатып отырған басты мәселелердің бірі. Қазіргі таңда азық-түлік тапшылығы орын алып, ашаршылықтан зардап шегіп жатқан елдер де аз емес. Дүниежүзіндегі азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің негізі және экономиканың аграрлы секторының дамуының маңызды бағыты болып табылады [3].

Азық-түлік қауіпсіздігі адамдардың тіршілік әрекетін қолдау үшін қажетті мөлшер мен сападағы азық-түліктің физикалық

және экономикалық қол жетімділігін, сонымен бірге ұлттық мүдделер мен мемлекеттің азық-түлік экспортынан тәуелсіздігін сақтай отырып, экономикалық орнықтылық пен тұрақтылықты, мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін, сонымен қатар оның өз азаматтарының азық-түлік қажеттілігін қамтамасыз ету қабілеттілігін сипаттайтын ұлттық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, тұрмысы төмен және осал топтардың міндетті артықшылығымен бірге мемлекеттің ұлттық мүдделерін шектемей, халықты көп мөлшерде елдің өзі өндірген негізгі азық-түлік түрлерінің есебінен қамтамасыз ету мүмкін болатын экономиканың жағдайы [4, 48-49 бб.].

Ғаламдық азық-түлік мәселесі – адамзаттың барлық ғаламдық мәселелерінің ежелден бері келе жатқан мәселесі. Аштық – оның қатты көрінуі мен үлкен әлеуметтік апат ретінде – ежелгі дүниеде де, орта ғасырларда да, сонымен қатар жаңа және қазіргі кезеңдерде де орын алған. Бұл туралы Ежелгі Рим, ортағасырлық Еуропа, Ресей, Үндістан, Қытай мысалдары көрсетеді. Аштық ежелгі уақыттарда ең көп таралған құбылыс болды; Орталық Америка үндістерінің мифологиясында тіпті аштық құдайы болған. Орта ғасырларда тұтас облыстар мен елдер құрғақшылықтан өлім қауіпіне таянуға дейін барды. Атақты француз тарихшысы Фернан Бродельдің айтуынша, «ғасырлар бойы аштықтың батылдықымен қайта оралып жатқаны соншалық, ол адамдардың биологиялық тәртібінің элементі, олардың күнделікті өмірінің құрылымы бола бастады».

XVII ғасырда Жозуэ де Кастроның айтуынша, Еуропа да «ұзаққа созылған аштық» жағдайында болды. Бенгалиядағы (Үндістан) аштық 10 млн. өмірді немесе халықтың 1/3 алды. XIX ғасырда Еуропа картоптың шықпай қалуынан, тағы да «ұлы аштықты» бастан кешірді. Ал Үндістанда сол ғасырдың соңғы ширегінде аштықтан 15 млн. астам адам қаза тапты.

Азық-түлік қауіпсіздігі көптеген ғылыми-зерттеулер мен қолдану саясаттарындағы анықтамаларда көрсетілгендей, икемді тұжырымдама болып табылады. Он жыл бұрын жарияланған еңбектердің өзінде шамамен 200 анықтама болған [5]. «Азық түлік қауіпсіздігі» түсінігі XX ғасырда бірқатар кезеңнен өтті.

I кезең: 1946 ж. – 1970 жж. ортасы. Азық-түлік қауіпсіздігін азық-түлік тәуелсіздігі және азық-түлік тауарларын импортты азайту арқылы түсіндіру. Расында да, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тауар қатынастарының бұзылуы жә-

не халықтың көп бөлігінің төлем қабілеттілігінің дағдарысына байланысты көптеген елдер азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуге ерекше көңіл аударды [6, 125 б.].

«Азық-түлік қауіпсіздігі» түсінігін 1970 жылдардың соңында БҰҰ Халықаралық азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы айналымға енгізді. Бұл түсініктің пайда болуы сол жылдардағы ғаламдық қайшылыққа байланысты, сол кезде дамыған елдерде азық-түлікті абсолютті артық өндіру «үшінші әлем» елдері халқының жаппай аштық және тамаққа жарымауымен қабаттас болды. Ұзаққа созылған азық-түлік тұрақсыздығы экономикалық даму және жеке мемлекеттердегі халықтың басым бөлігінің кедейшілік деңгейімен байланысты екенін, бұл әлемдік нарық ұсынған баға бойынша азық-түлікті сатып алу мүмкін еместігін көрсетті [7, 1-2 бб.].

1970 жылдың басындағы әлемдік дағдарыс және шикі мұнайға бағаның кенет өсуі азық-түлік дағдарыстарының топтамасына әкелді: 1972 жылы әлемдік өндіріс кенет қысқарды, 1973 жылы – азық-түлік бағасының өсуі, 1974 жылы ауа райы жағдайының қолайсыз ықпалынан негізгі агроаймақтарда бидай қоры қысқарды. 1974 жылы минералды тыңайтқыштарға баға үш есе өсті. 1974 жылы ФАО және БҰҰ қамқорлығымен Дүниежүзілік азық-түлік конференциясы шақырылды. Азық-түлік қауіпсіздігінің қағидаттары 1972 жылы БҰҰ Дүниежүзілік конференциясында тұжырымдалды. 1974 жылы Бас Ассамблея ФАО-ның «Әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша халықаралық міндеттемелерін» мақұлдады.

II кезең: 1970 жж. – 1990 жж. ортасы. Конференцияның құжаттарында азық-түлік қауіпсіздігі «тұрақты өсіп жатқан азық-түлікті тұтынуды қанағаттандыру және өндіріс пен бағаның ауытқу өтемақысы үшін үнемі негізгі азық-түліктің әлемдік қорының бар болуы» деп анықталады [6, 126 б.]. 1983 жылы ФАО халықтың осал топтарының қор иелену мүмкіндігін қамтамасыз етуді қосу үшін өзінің тұжырымдамасын кеңейтті, яғни азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы сұраныс пен ұсыныстың арасында теңдестірілуі тиіс болды: «барлық адамдардың әрқашан өздеріне қажет азық-түлікке физикалық және экономикалық мүмкіндіктерінің болуын қамтамасыз ету». 1990 жылдардың ортасында азық-түлік қауіпсіздігі ғаламдық деңгейді қамтыған маңызды мәселе болып табылды.

1996 жылы Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі дүниежүзілік саммит күрделі анықтама қабылдады: «Азық-түлік қауіпсіздігі барлық адамдардың кез келген уақытта өздерінің қажет-

тілігін қанағаттандыру үшін және белсенді әрі салауатты өмір салты үшін жеткілікті, қауіпсіз және нәрлі тағамға физикалық және экономикалық мүмкіндіктері болғанда, жеке, ұлттық, аймақтық және ғаламдық деңгейде қамтамасыз етіледі» [5].

1996 жылы Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі дүниежүзілік кездесуде Рим декларациясы қабылданды. Рим декларациясында кедейшілік азық-түліктің қамтамасыз етілмеуінің негізгі себебі, ал кедейшілікті жою ісіндегі тұрақты өрлеу азық-түлікке мүмкіндікті жақсартуда шешуші фактор болып табылады деп анықтама берілген [8].

III кезең: 1996 ж. – қазіргі уақыт. Азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі кездегі түсінігі [9]. 2014 жылғы зерттеу бойынша Әлем елдерінің азық-түлік қауіпсіздігі деңгейінің индексі 109 ел қамтиды. Азық-түлік индексі – азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингін тіркейтін ғаламдық зерттеу. Индекс мемлекеттің саясаты мен оның азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мекемелерінің жұмысының тиімділігін өлшейді. Зерттеуде әлем елдерінің азық-түлік қауіпсіздігі көрсеткіштерінің үш негізгі тобының сараптамасы берілген: 1. Азық-түліктің қолжетімділік және тұтыну деңгейі; 2. Азық-түліктің болуы және жеткіліктілігі; 3. Азық-түліктің сапасы мен қауіпсіздігінің деңгейі [10].

Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл бір жағынан әлемдік нарықтың конъюктурасынан тәуелсіз халықты ғылыми негізделген параметрлерге сәйкес мөлшерде азық-түлікпен тұрақты қамтамасыз ету кепілдігін беретін, екінші жағынан, медициналық нормалар деңгейінде тұтыну-ды қолдау үшін жағдайлар жасалатын экономиканың жағдайы [11, 253 б.].

XX ғасыр бойына әлемде тамақтанудың сандық көрсеткіші жақсарды. 30-жылдарда бір адамның орташа тұтынуы 2100 ккал-ны құрады, бірақ 60-жылдардың басында 2300 дейін өсті, 70-жылдардың басында – 2450 дейін ал 90-жылдары – 2700 дейін өсті.

Экономикалық дамыған елдер үшін аштық және тамаққа жарымау құбылысы тән емес. Бұл елдер онда Жер халқының 15% кем халық тұрса да, әлемдік азық-түліктің 3/4 бөлігін өндіреді және тұтынады. Бұл елдердің көбінде тамақтанудың орта калориясы тәулігіне 3000 ккал асады, ал кейбіреулерінде – тәулігіне 3500 ккал-дан көп. Ақуыз тұтыну да тәулігіне 100 г құрайды, 1/2 көбі жануар ақуыздары.

Осыған байланысты соңғы уақыттарда әдебиетте ерекше көңіл әлемде көп адамдардың

артық жеп қоюына аударылады және олар артық дене массасына ие, нәтижесінде олардың ауруға қабілеттілігі өседі, жұмысқа қабілеттілігі төмендейді және өмір сүру ұзақтығы қысқарады. Артық жеп қоятындардың жалпы саны 600 млн. адам, соның ішінде тек АҚШ-та бұл санатқа 100 млн. адам кіреді немесе 20 жастан бастап және жоғары жастағы барлық тұрғындарының жартысынан астамы. Дәл осы мәселе Ұлыбританияда және басқа еуропалық елдерде де кездеседі.

ФАО-ның мәліметтері бойынша, әлемдегі аштық деңгейін қысқарту тенденциясы сақталуда. МДМ-на сәйкес, 2015 жылға қарай тамаққа жарымайтын халықтың санын екі есе қысқарту қол жетерлік мақсат. Бұл көрсеткішке қол жеткізу үшін қозғалыстың барына қарамастан, жалпы дамушы аймақтар бойынша едәуір айырмашылық сақталады. Африка бойынша әлемдік қауымдастық белгілеген аштық саласындағы мақсатты көрсеткіштерді орындау үшін жеткіліксіз жұмыс жасалды. Бүгінде 2025 жылға қарай аштықты жою туралы мақсатты ресми түрде жариялаған бірінші аймақ Латын Америкасы мен Кариб бассейні дамушы елдердің ішінде азық-түлік қауіпсіздігін арттыру нәтижесінде жақсы жетістіктерге жетті. Бұл аймақта бірнеше бағдарламалар мен іс-шаралар жүзеге асырылуда. Азық-түлікке қолжетімділікті жақсарту үшін үш негізгі бағдарлама әзірленді, олар ауылшаруашылығы мен шағын отбасылық фермаларды қолдау, қоғамдық бөліс немесе мектеп тағамы, шағын бизнес немесе еңбек нарығына қолжетімділікті жақсарту шараларына бағытталған.

Азық-түлік қауіпсіздігі қай елдің болмасын тәуелсіздігінің, еркін дамуы мен халқының әлауқатының артуының кепілі болып табылады. Бүгінгі таңда ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдау арқылы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылуда. Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу өнеркәсібі экономиканың негізгі бір саласы ғана емес, сонымен бірге ол – азық-түлік қауіпсіздігінің де кепілі.

Сонымен, БҰҰ-ның 1996 жылғы Бүкіләлемдік азық-түлік қауіпсіздігі бойынша Рим Декларациясында көрсетілгендей, «азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз – барлық адамның ұдайы белсенді және салауатты өмір сүруі үшін асауқатқа физикалық және экономикалық тұрғыдан жеткілікті мөлшерде қолжетімділіктің болуы». Рим декларациясы кез келген елдің әрбір азаматының жеткілікті деңгейде тамақтану, денсаулығын сақтау және аштықтан ада болу құқығын қамтамасыз етуге, ұлттық тәуелсіз азық-түлік жүйесін қалыптастыруға шақырады.

Әдебиеттер

- 1 Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы, 1948 жылғы 10 желтоқсан.
- 2 Thomas Malthus. An Essay on the Principle of Population. – London, 1798.
- 3 Улаков С.Н. Продовольственная безопасность как экономическая категория и ее роль в обеспечении национальной безопасности. // Вестник КарГУ, 2008. /<http://articlekz.com/article/5263>
- 4 Кабенова М. Проблемы продовольственной безопасности в мире: рекомендации для обеспечения продовольственной безопасности РК, как части национальной политики. // УДК 327. С.48-53. enu.kz/repository/repository2012/rekomendacii.pdf
- 5 Chapter 2. Food security: concepts and measurement. /<http://www.fao.org/docrep/005/.../y4671e06.htm>
- 6 Нехода Е.В. Продовольственная безопасность и государственная поддержка сельского хозяйства в интерпретации ВТО. // Вестник Томского государственного университета, 2013, №377. – С. 123-128.
- 7 Михайлушкин П.В., Баранников А.А. Условия и основные критерии обеспечения продовольственной безопасности. // Научный журнал КубГАУ. – 2013. – №92(08). – С. 1-23. /<http://ej.kubagro.ru/2013/08/pdf/09.pdf>
- 8 Римская декларация о всемирной продовольственной безопасности и План действий Всемирной встречи на высшем уровне по проблемам продовольствия. Рим, 13 ноября 1996 года/<http://www.g20civil.com/ru/documents/205/577/>
- 9 Белугина Т.А., Белова Е.В. Современные тенденции изменения продовольственного обеспечения в регионах мира. // Теория и практика общественного развития. – 2014. – №1.
- 10 Индекс продовольственной безопасности стран мира / The Global Food Security Index / <http://gtmarket.ru/ratings/global-food-security-index/info>
- 11 Трошин А.С. Продовольственная безопасность – основа обеспечения национальной безопасности.//Вестник нижегородского университета им.Н.И.Лобачевского. – 2004. – №2. – С. 252-254. /www.vestnik.unn.ru/nomera

References

- 1 Adam kuckyktarynyñ zhalpyga birdej Deklaracijasy, 1948 zhylygy 10 zheltoksan.
- 2 Thomas Malthus. An Essay on the Principle of Population. – London, 1798.
- 3 Ulakov S.N. Prodoval'stvennaja bezopasnost' kak jekonomicheskaja kategorija i ee rol' v obespechenii nacional'noj bezopasnosti. // Vestnik KarGU, 2008. /<http://articlekz.com/article/5263>
- 4 Kabenova M. Problemy prodoval'stvennoj bezopasnosti v mire: rekomendacii dlja obespechenija prodoval'stvennoj bezopasnosti RK, kak chasti nacional'noj politiki. // UDK 327. S.48-53. enu.kz/repository/repository2012/rekomendacii.pdf
- 5 Chapter 2. Food security: concepts and measurement. /<http://www.fao.org/docrep/005/.../y4671e06.htm>
- 6 Nehoda E.V. Prodoval'stvennaja bezopasnost' i gosudarstvennaja podderzhka sel'skogo hozjajstva v interpretacii VTO. // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta, 2013, №377. – S. 123-128.
- 7 Mihajlushkin P.V., Barannikov A.A. Uslovija i osnovnye kriterii obespechenija prodoval'stvennoj bezopasnosti. // Nauchnyj zhurnal KubGAU. – 2013. – №92(08). – S. 1-23. /<http://ej.kubagro.ru/2013/08/pdf/09.pdf>
- 8 Rimskaja deklaracija o vsemirnoj prodoval'stvennoj bezopasnosti i Plan dejstvij Vsemirnoj vstrechi na vysshem urovne po problemam prodoval'stvija. Rim, 13 nojabrja 1996 goda/<http://www.g20civil.com/ru/documents/205/577/>
- 9 Belugina T.A., Belova E.V. Sovremennye tendencii izmenenija prodoval'stvennogo obespechenija v regionah mira. // Teorija i praktika obshhestvennogo razvitija. – 2014. – №1.
- 10 Indeks prodoval'stvennoj bezopasnosti stran mira / The Global Food Security Index / <http://gtmarket.ru/ratings/global-food-security-index/info>
- 11 Troshin A.S. Prodoval'stvennaja bezopasnost' – osnova obespechenija nacional'noj bezopasnosti.//Vestnik nizhegorodskogo universtiteta im.N.I.Lobachevskogo. – 2004. – №2. – S. 252-254. /www.vestnik.unn.ru/nomera